



Алашкөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№9 (8044) 25. 02. 2023.
Сенбі / Суббота

Сайлау - 2023

Болашақ үшін таңдау жасайық...

«Жаңа Қазақстанды» құру жолында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қалың бұқараның мүддесіне бағытталған талай ілкімді істердің бастама көтеруіне ұйытқы болды. Байырғы күндерден жалғасын тауып, көпшіліктің көңілінде іркілген кері қадам, таптарын қағидаттардан бас тартып, жаңаша жұмыстың шекпенінен ұстадық десек те қате айтпаспыз. Алда қыруар шаруа, қымқуыт істер мол. Осы айтулы сәтте еліміздің береке құмарлығы мен сонау замандардан сары далада салтанат құрған сақ дәуірінен саф алтындай сақталған бірлігінің тұғырын тік ұстауға тиіспіз.

бере алмайтыны да байқалып, өзгеріске қарай қадам басқанымыз жақсылықтың нышаны іспетті. Ендігі біздің міндет, берілген мүмкіндіктен айырылып қалмай, белсенділікті жоғарылату.

Бұндағы айтпағымыз, кемел келешекті қалыптастыру жолында таңдау жасау мүмкіндігін қолымызға берді. «Барлығы бұрынғыдай болады» деп, бұл іске немқұрайлы қарау – нағандық деп білеміз. Үлкен дүниені өзгерту үшін ең алдымен кішкентай қадамдардың аса маңызды екендігін есте естен шығармаған абзал. Себебі, бұл сайлауда әр қазақстандықдың дауысы өзекті, үні өтімді, таңдауы тағдыршешті болмақ.

«Көш жүре түзеледі» деген тәмсіл бар. Бірақ сол көштің түзелуін күтіп, алыстан көз тастап отырудың қажеті шамалы. Керісінше өмір ағысын өзгертуге, елдің түсінігі мен болып жатқан дүниелерді қабылдау форматын түрлендіруге тырысу керек. Көшті дара даңғылға бұру үшін де әрекет етіп, баянды болашақтың мызғымас іргетасын қалауға атсалысудың кезі келгендей.

Әділдіктің орнауының күтіп отырудың қажеті жоқ. Сол әділдіктің орнауына өзіміз үлес қосайық. 19 наурызда жұрт болып жұмылып, сайлауға қатысайық.

А.ЕСЕНБЕКОВ,
бас редактор.



Өзгерістер дауылына желкенімізді тосқан мезеттегі алғашқы маңызды қадамдарымыздың бірі Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы. 19 наурызға белгіленген бұл саяси науқанда әрбіріміз белсенділік танытып, мыңжылдықтар төрінен «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған мемлекетіміздің болашағы үшін таңдау жасауды ұмытпағанымыз абзал.

Бір ерекшелігі, жаңаша тірлік бастауымыздағы айрықша қадам да осы сайлаумен сабақтасып отыр. Себебі, халық қалау-

лыларын таңдау құқығы қалың бұқараға беріліп отыр. Билік – қоғамдікі екендігі көрініс табуда. Яғни, сіздер мен біздер өзімізге керекті азаматқа дауыс беріп, таңдау құқығына ие болдық. Бұл – үлкен жаңашылдықтың бірі.

Ежелден қазақ даласында ханын ақ киізге отырғызып, биін қауым болып таңдайтын бұлжымас дәстүрі болды. Кеңестік кері саясаттың кесірінен жоғарыдан берілген тапсырма аясынан шыға алмайтын солақай саясат барлығының да аяғынан шалғаны рас. Ескілік заң жаңа заманның сыны мен сынағына шыдас



20 пәтерлі қос үй қолданысқа берілді

Аудан орталығы Үшарал қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынған 20 пәтерлі қос үй қолданысқа берілді.

Құрылысы кешуілдеп қалған бұл тұрғын үйлер 2022 жылы қайта жанданып, кезекте тұрған халық игілігіне берілді. Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың желтоқсан айында 60 пәтерлі үй де өз қожайындарын тапқан болатын.

Салтанатты шарада алғы сөз алған аудан әкімі А.Абдинов пәтер иелеріне ақ тілек, ақжарма лебізін білдіріп, кезегін күткен халықты қоныс тойымен құттықтады. Сондай-ақ шараға Үшарал қаласының әкімі, аудандық тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық бөлімінің өкілдері мен тұрғын үйлерді салған «Бағалы-Алақөл» ЖШС басшысы А.Слямов қатысты.

Ауданның Құрметті азаматы, ақсақал Мұсабаев Нұрсанқажы пәтер иелеріне ақ батасын берді. Айта кету керек, жаңа тұрғын үйлер салынып жатқан аумақта тағы бір үйдің құрылысы басталған.

«Бүгін жақсы жаңалық болды. Қуанышымызда шек жоқ. Жаңа салынған үйден пәтер алып жатырмыз. Он жыл кезекте тұрдық. Бір баланы өз қамқорлығыма алғанмын. Он жыл бұрын сол балаға үй алып беру үшін кезекке тұрғанмын. Биыл бұйыртып, кезегіміз жетіп, пәтер кілтін қолымызға

алдық. Осы істің басы-қасында жүрген барша азаматтарға алғысым шексіз», – дейді Қ.Алашбаев есімді азамат.

Ал алты баланың анасы, күміс алқа иесі Т.Сыдыкова: «Алған пәтеріміз құтты болсын. Барша кезегін күтіп, осы күнге жеткен жандарды шын жүректен құттықтаймын. Жаңа үйде тек қуанышқа бөлене берейік. Өз басым жүрегім жарылардай болып тұрмын. Жеті жыл көп балалы ана ретінде кезекте тұрдым. Күміс алқа иесімін. Алты баланың анасымын. 2016 жылы кезекке тұрғанмын. Бүгін, міне, пәтерге кірдім. Іші кең, жарық, жайлы екен. Осындай жақсы пәтерді ел игілігіне берген аудан әкімдігіне алғыс айтамын», – деп, ағынан жарылды.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Қабылдау өтті

Жуырда аудан әкімі А.Абдинов тұрғындардың сұранысы мен ұсыныстарын тыңдау мақсатында, сонымен қатар халықтың жеке басына қатысты мәселелері бойынша кезекті жеке қабылдауын өткізді.

Жиынға келген тұрғындардың басты, әрі өзекті мәселесі – тұрғын үй. Бұл жөнінде аудан басшысы биылғы жылы табысталған 60 және 20 пәтерлі екі үйге ілінбегендер осы жылы салынып жатқан 60 пәтерлі үйден берілетінін айтты. Алайда, бір жылда барлығын баспана-

мен қамту мүмкін емес, заң аясында, кезек бойынша табысталаыны да ескертті.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтар жайылымдық жердің жетіспеушілігі жөніндегі мәселені көтерді. Бұл жайында жер мәселесін қарастыратын мамандар алдағы уақытта өтетін конкурсқа қатысуға ұсыныс білдірді.

Сонымен қатар көпбалалы аналардың бірі уақытша баспана қарастырып беруін, отбасында мүгедектігі бар балалар мен қамқоршысынан айырылған бұл-



дiршiндерге көрсетiлетiн көмек тақырыбын да көтергендер болды.

Ж.КУМПЕИСОВА.

Мұқағали – мәңгілік ғұмыр

Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев дүниеден озса да, халық жадынан ешқашан кетпес. Ары таза, жаны мөлдір, жүрегі отты, рухы асқақ жырлары мен көркем дастандары бізге әрдайым дұрыс жол көрсетіп, бойымызға ерекше күш ұялатады.

ден озған ақиық ақынның арамыздан кеткеніне 47 жыл болса да, қалың бұқараның оған деген құрметі, өлең-жырларына деген ілтипаты артпаса, кеміген емес. Қайта ақынның шығармаларына деген сұраныс жыл санап артуда», - дейді.

«Өлді деуге бола ма ай-



Жуырда М.Мақатаевтың туған күніне орай аудандық З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінде «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Кештің мақсаты – ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың артында қалған ұлы сөздері мен шығармашылығының халыққа кең таралуын, оның мәні мен өміршеңдігінің сыры неде екенін таныту, сезіндіру болды.

Аудан әкімінің орынбасары М.Телеужанов шара шымылдығын ашып, өз сөзінде: «Тау алыстаған сайын биіктей береді. Небәрі 45 жасында өмір-

тыңдаршы, өлмейтұғын соңында сөз қалдырған» деген сөз осы жерде айтылса керек. Ақынның шығармашылығын насихаттау мақсатында ауданымызда жыл сайын дәстүрлі түрде түрлі іс-шаралар, яғни кітап көрмесі, өлең оқу жарысы және қойылымдар өткізіліп тұрады.

Аудандық З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары мен Балалар шығармашылық орталығының өнерлі жастары өлеңмен өрілген қойылымдарын көрсетіп, сазды әуен мен әсем күйлерін шырқап, кешіміздің сәнін келтірді.

Ж.КУМПЕИСОВА.



Достықта жаңа терминал ашылды

Шекара маңындағы Достық ауылында «Евротрансгрупп» ЖШС логистикалық жүк ауыстырып тиейтін терминал қолданысқа берілді. Жоспарланған жүк көлемі жылына 2 млн. тоннаны құрайды. Жаңа терминал астық пен майды қоспағанда, азық-түлік емес тауарларды сақтаумен айналысады. Қазіргі таңда 80 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Аталған инвестициялық жобаның жалпы құны 6 млрд. теңгені құрайды. Осыған орай ауданның даму жоспарына сәйкес Достық ауылдық округінде 4 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның бірі «Евротрансгрупп» ЖШС. Қуаттылығы – жылына 2 млн тонна жүк.

Аталған нысан жергілікті 80 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуде.

Сонымен қатар әкімшілік кешенмен қоса, 64 адамға арналған жатақхана да салынған.

Терминал тәулігіне 8 пойыз қабылдай алады, яғни 248 вагонды контейнермен қамтамасыз етеді. Достықтағы терминал басшысы К.Салыкбаев терминалдың жұмысы жергілікті халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, шекарадағы жүк тасымалдауды жеңілдетеді дейді.

«Евротрансгрупп» ЖШС бас директоры С.Ивановтың айтуынша терминалдың жұмысы жақсы жолға қойылған.

«Терминал өте жақсы жұмыс істеп тұр. Бүгін біз жарты күннің ішінде 3 пойыз қабылдап үлгердік. Терминалдың қабылдау аймағы да өзгеше. Себебі біз құрылыс барысында Еуропа, араб елдерінің, Түркияның тәжірибесіне сүйендік. Бұл жобаны Қазақстанға жаңашыл дүние жасау үшін мақұлдадық. Жалпы терминал өңірдегі жүк тасымалдаудың жеңілдеуіне көп әсер етеді деп ойлаймыз», – деді С.С.Иванов.

А.СҮЛЕЙМЕН.

Қайта жаза тағайындалды

Сотталғандарға қатысты қылмыстың алдын алу және Қазақстан Республикасының заңнамаларына дұрыс көзқарас қалыптастыру мақсатында аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен аудандық соттың ғимаратында пробацация қызметі бөлімінің есебінде тұрған азаматтардың қатысуымен ашық сот процесінде «Е» есімді сотталған азаматқа қатысты бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы пробацация қызметінің ұсынысы қаралды.

«Е» есімді сотталған азаматқа ҚР ҚК-нің 106-бабы 3-бөлігі бойынша 3 жыл 10 ай 2 күн мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, ҚР ҚК-нің 44-бабына сәйкес пробацациялық бақылау орнатылып, жазасын өтеу үшін аудандық пробацация қызметіне есепке қойылған болатын.

«Е» есімді азамат жүргізілген профилактикалық жұмыстардың болғанына қарамай бейқамдық танытып, 1 жыл ішінде қоғамдық орындарда 2 рет әкімшілік құқық бұзушылық жасап, бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын қаскөйлікпен бұзған, яғни ҚР ҚАК-нің 67-бабының 2-бөлігі 1 тармағына сай заң бұзушылыққа барған.

Осыған орай, аудандық пробацация қызметі ҚР ҚАК-нің 68-бабы 1-бөлігінің негізінде жазаны өтеу тәртібіне бағынбай, қаскөйлікпен бұзған сотталған адамға қатысты бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсынысты аудандық сотқа енгізіп, қайта қылмыстың алдын алу үшін сот отырысына сотталған тұлғаларды арнайы шақыртып, аудандық сотының қаулысымен жаза мерзімінің өтелмеген бөлігі бас бостандығынан айыру жазасымен өзгертіліп, қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіздік мекемесіне жолданған болатын.

Осы көрнекі мысал арқылы сотталған азаматтарға сот жүктеген міндеттерге және жаза өтеу тәртібін өрескел бұзған жағдайда, қайта қылмысқа барған кезде жаза түрі өзгертілетіні туралы прокуратура және сот тарапынан профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аталған қаулы аудандық ПҚБ-нің есебіндегі сотталғандарға жеткізілді және арнайы түсіндірілді. Есепте тұрған сотталғандарды жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзбауға шақырамыз.

Жүргізіліп жатқан іс-шаралардың негізгі мақсаты – сотталғандарды қайта қылмыс жасаудан сақтау, қоғамға етене араласып, бірлесе еңбек ету, өмірге, қоғамға деген оң көзқарас қалыптастыру. Егер сотталған азаматтың құқықтық, әлеуметтік, тұрмыстық қажеттілігі орындалса, заңға деген теріс көзқарасы дұрыс жаққа өзгеріп, мінез-құлқы да оң бағытқа дұрыс қалыптасатынына шүбә жоқ.

А.ҚАНАБЕКОВ,
аудандық ПҚБ-нің бастығы, әділет майоры.

Абайлаңыз - интернет алаяқтар!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 33 интернет алаяқтық фактілері тіркелді.

33 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы – 31, Текелі қаласы – 1, Көксу ауданы - 1.

Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаықтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИИМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға

және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИИМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге

асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

А.ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры.

Военно-патриотическое воспитание

ЮНЫЕ ПАТРИОТЫ



несколько лет являлся заместителем командира в/ч 2484 (бывший Ушаральский пограничный отряд) по ВСНР. Так, что опыта работы в этом направлении ему не занимать.

В клубе проводятся занятия по военно-патриотическому, куль-

турному, физическому и правовому воспитанию. Причем все это делается не на «голой» теории, как говорится, а с привлечением сотрудников прокуратуры, полиции, Дома культуры имени З.Койшибаевой города Ушарал и, конечно же, военнослужащих

войсковых частей Ушаральского военного гарнизона.

Накануне памятной даты – Дня вывода советских войск из Афганистана – была организована встреча членов клуба «Жас сарбаз» с ветеранами воинами – интернационалистами Актубек-

ского и Бескольского сельских округов. Она прошла в новом сельском Доме культуры с участием председателя районного Совета воинов – интернационалистов С. Койшиманова.

Военно-патриотическое воспитание молодежи – одна из главных задач, которую ставит перед собой любое государство. Поэтому возрождение патриотических клубов, движений и кружков, это не просто общемировой тренд, а один из реальных способов воспитать молодое поколение, для которого «патриот» – это не просто слово, а поступки, делающие жизнь вокруг лучше.

В 2018 году было создано республиканское движение «Жас сарбаз». Его участники активно занимаются проведением всевозможных военно-патриотических мероприятий, таких как эстафеты, акции, интеллектуальные викторины, спортивные состязания, военно-полевые игры, конкурсы по робототехнике и музыке. Клуб в ауле Актубек делает свои первые, но уже уверенные шаги. Пример для других школ района.

В. ВОРОБЬЕВ.

В этом году отмечается пять лет со дня создания в Казахстане детско-юношеского военно-патриотического движения «Жас сарбаз». Высокую роль движения в воспитании патриотизма и развития талантов среди молодежи отметил Президент страны Касым – Жомарт Токаев, выступая на открытии V республиканского военно-патриотического сбора молодежи «Айбын». «...Количество военно-патриотических клубов и классов «Жас сарбаз» в стране 6000 с охватом более 174 тысяч детей. У вас большой потенциал сил, энергии, творчества. Направляйте все это на осуществление главной цели вашей жизни. Помните, что страна заинтересована в успехе каждого из вас».

Клуб «Жас сарбаз» был открыт в начале января текущего года в селе Актубек на базе 5 «А» класса Актубекской средней школы. Общее количество учеников 20. Обучение жас-сарбазовцев планируется до 9 класса включительно.

Руководитель детско – юношеского клуба - Кокабаев Тимур Темирбекулы, подполковник запаса. До выхода в отставку он

отмечают ее отношение к их здоровью. Старательность, чуткость и внимание просто необходимы при работе с людьми.

Участок №8 в районе ПМК нашего города довольно большой. Врач несет ответственность за здоровье 2265 человек, среди которых есть и малоподвижные пациенты. Рабочий день включает в себя не только прием больных, но и обход больных на дому, проведение скрининга, иммунопрофилактики, вакцинации и многое другое.

«Работа по душе име-

системы. Разумеется эти заболевания легче поддаются лечению на раннем этапе. И потому очень большое значение имеет ответственное отношение самих людей к своему собственному здоровью.

Ведь при подозрении и возникновении любых симптомов, недомогания и заболеваний не стоит откладывать посещение терапевта. При своевременном обращении, определении диагноза и осуществлении комплекса лечебных и профилактических мер, снижается риск развития и возникновения осложнений.

«Ведь медицина в целом – наука быстро развивающаяся, а

потому любой врач должен заниматься самообразованием и повышать уровень знаний и квалификацию», – считает молодой врач.

В прошедшем году Қымбат Әмірсерікқызы приняла участие в ежегодном конкурсе «Қошбасшы - 2022» в номинации «Үздік жас дәрігер». Само участие в этом проекте дает молодым людям огромный стимул для самореализации, повышения самообразования, создает условия для дальнейшего проявления и развития молодежи в различных сферах. Несмотря на молодой возраст, и небольшой трудовой стаж, молодой врач – терапевт зарекомендовала себя с лучшей стороны, принимая участие не только в жизни своих пациентов, но и в жизни многочисленного лечебного учреждения.

Желаем Қымбат Әмірсерікқызы здоровья, терпения в ее нелегкой работе, позитива и удачи. Ведь она выбрала для себя одну из трудных, но самых благородных профессий на земле.

Ш. НУКЕБАЕВА.

Мечта юного лепсинца

Самая лучшая, настоящая и интересная мечта – это мечта ребенка. Когда он говорит о чем мечтает, его глаза горят, он действительно верит в то, что все сбудется. Говорят, детские мечты растут вместе с ребенком и со временем меняются. Но мечта моего ученика Гамаудинова Ильнура, вот уже третий год горит ярким огоньком в его сердце. Он постоянно говорит о ней, думает, планирует и старается учиться, чтоб быстрее ее осуществить.

Вот что он говорит о своей мечте: «Я хочу стать художником! Художник рисует замечательные картины. Он создает целую художественную галерею! Художник может нарисовать все что угодно. Но чтоб нарисовать одну картину нужно, наверное, очень много времени, ведь это большой и кропотливый труд.

Говорят за картины можно получить много денег, но меня это совсем не интересует. Я хочу создавать свои картины для того, чтобы все восхищались окружающей красотой, ведь любая картина – это целый мир, который может рассказать о многом! Через нее я смогу передать все то, что хочется сказать, свои эмоции и чувства. Только для этого мне еще нужно много учиться. Но, как мне говорят – глаза боятся, а руки делают. И я постараюсь научиться, не смотря на все трудности. Вот такая у меня мечта!»

Ильнур целеустремленный, рассудительный, вдумчивый и очень творческий ученик. Он считает, что быть грамотным необходимо, даже при написании картин. Поэтому и стремится учиться только на отлично. Старается самостоятельно находить информацию о том, как рисуется тот или иной предмет. Читает много литературы, делает выводы, наблюдает. И, глядя на его старания, действительно хочется, чтобы его мечта сбылась!

В. ВАСИН.



Работа по душе

Врач терапевт – это многопрофильный врач, к которому в первую очередь обращается пациент при посещении больницы и возникновении какой-либо проблемы. В область деятельности врача терапевта входит диагностика, терапия и профилактика большого количества заболеваний внутренних органов, которые не требуют хирургического вмешательства. Также к терапевту направляют перед предстоящей операцией, во время ведения беременности, наличии хронических заболеваний, или получении справок.

Уроженка села Қазақстан, Әбдіхамит Қымбат Әмірсерікқызы – молодой специалист, участковый терапевт ГКП на ПХВ «Алакольской ЦРБ». Окончила медицинский университет Семей по специальности «Общая медицина». С тех пор в жизни Қымбат Әмірсерікқызы основное время уделяется работе.

Отзывчивость и сдержанность, внимательность к людям – основные принципы трудовой деятельности врача – терапевта. Доктор уверена: для того, чтобы понять болезнь, необходимо понять самого человека. И только в этом случае болезнь будет иметь наилучшие результаты.

Сами же пациенты обращаясь к Қымбат Әмірсерікқызы,

ет большое значение в жизни каждого человека. Мне нравится работать с людьми, нравится то, чем я занимаюсь. С детских лет я мечтала стать врачом, приносить пользу людям, лечить их, помогать. Поэтому выбор моей профессии был определен заранее», – отметила Қымбат Әмірсерікқызы.

Но самой главной наградой для врача, по словам молодого специалиста, всегда будут здоровые пациенты, которые смогли победить свои болезни благодаря помощи и неравнодушию людей, профессия которых не иначе как призвание и образ жизни.

Как отметила врач – терапевт, самые распространенные проблемы нашего времени – это артериальная гипертонзия, и болезни сердечно – сосудистой



Сайлау - 2023

Выборы - 2023

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023



www.election.gov.kz

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗУ

Сайлаушылар тізімдеріне
тұрғылықты жері бойынша
тіркелген ҚР азаматтары
енгізіледі



17.02.2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІН
өтініш негізінде

уақытша тіркелген азаматтар
сайлаушылар тізіміне енгізіледі



Азамат тек 1 тізімге
ғана енгізіле алады



Өзіңіз туралы ақпаратты әкімдік сайтынан
немесе Call-орталықтан біле аласыз



2023 жылғы 4 наурыздан сайлау учаскесі туралы хабардар таратылады

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

Қазақстан Республикасы
мәслихаттарының
депутаттарын
сайлау туралы

Мәслихат депутаттарының
өкілеттік мерзімі
Қазақстан Республикасының
жырма жасқа толған азаматы
мәслихат депутаты бола алады

5 ЖЫЛ

20+

Республика бойынша барлық деңгейдегі 223 мәслихаттың 3415 депутаты сайланатын болады
Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну:



Партиялық тізімдер
бойынша - саяси
партияларға;



ЖАРҒЫДА КӨЗДЕЛГЕН БОЛСА
саяси партияларға,
қоғамдық бірлестіктерге
олардың филиалдары мен өкілдіктеріне тиесілі

Тіл байлығы – ұлттың тұғыры, рухани қазынасы

Тәуелсіз мемлекет ретінде қазақ елінің қазіргі таңда алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – өткенін сұрыптап, бүгінгісіні таразылап, болашағын бағдарлау. Осымен байланысты мәселенің өзегі ұлтты ұйытып, тұтастыратын арқауды анықтау десек, ол арқау – тіл. Тіл құдіреті арқылы ұлттың рухани тарихы мен таным-тәжірибесін сақтайтын қазынасы бізге жетеді.

Тілтанудың күрделі мәселелері көп-ақ. Солардың ішінде кейде мән бере бермейтін, бірақ бәріміздің де білуіміз қажет, ал тіл мамандары үшін міндетті күрделі мәселенің бірі - «тіл байлығы, сөз қазынасы деп нені айтамыз?» деген сауалға берілер жауап. Бұл мәселені әркім өзінше түсініп, оған байлам айтатын сияқты. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп марапаттағанда біз көбінесе тіліміздегі сөздердің санын, айтылатын ой-пікірімізді жан-жақты түсіндіруге қажетті сөздердің одан табылуын ескереміз. Бірақ тіліміздің қорында қанша сөз барлығын және оның қай бұлақтардың қайнар көзінен нәр алып, толассыз толығып, байып отыратынын баршамыз біле бермейміз. Дегенмен «сөздің саны тіл байлығының кепілі бола ала ма?» деген сауал алдымыздан көлденеңдей

береді. Егер «бай тіл», «орта тіл», «кедей тіл» деген ұғым әрбір тілдегі сөздердің нақтылы санына байланысты айтылатын болса, онда бұл мәселені оңай шешуге болар еді. Бірақ тіл тәжірибесінде тілдің байлығы тек санмен ғана емес, сапамен де өлшенетіндігі белгілі, санның сапаға көшіп отырғаны айқын байқалады.

Тіл байлығының тағы бір қайнар бұлағы - «жаңа сөз» жасау, сөздерді жаңа мағынада қолдану. Бұл тәсіл - тіл байытудың ең бір құнарлы да қуатты көзі. Жанды организмдегі миллиондап өліп, миллиондап жаңаланып жататын клеткалар секілді тіл де дәл осындай дамылсыз жаңаруда күй кешеді. Бірақ тілдің бір ерекшелігі – шын мағынасындағы «жаңа сөздің» жасалуы тіл қорында кездесетін құбылыс. Қазақ тіліндегі бір жарым мыңдай бір буынды төл түбір сөздерімізді төркіні тым алыста, мыңдаған жылдар қойнауында жатыр. Ал сіздер мен біздердің күнде айтып жүрген «жаңа сөздеріміз» шын мәнісіндегі жаңа сөздер емес, тіліміздегі байырғы түбірлерден сөз жасау модельдері негізінде пайда болған туынды дүниелер. Олар дүниеге тән қажеттігін өтеу үшін келген, оларды біз өзіміз тілімізде әбден қалыптасқан дәстүрлі

тәсілдер арқылы жасадық. Түбір ескі, тәсіл ескі, бірақ сөз жаңа, өйткені ол жаңа ұғым, мағынаға ие болды. Демек, сөз өмірі, оның ұзақ, қысқа болуы, сайып келгенде, мағынанын тұрақты, тұрақсыз болуына, болмыста қолданылуына байланысты. Тіл қорының осылайша жаңалануы оның ішкі даму заңына байланысты. Бірақ оны ылғи әрекетке келтіріп отыратын қозғаушы күш қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жағдайлар, яғни күн сайын туындап жатқан жаңа ұғым, жаңа зат құбылыстарды игеру қажеттілігі. Мінекей, осыған байланысты жаңа сөздер мен жаңа қолданыстарды өз мезгілінде қаттап қағазға түсіріп, жүйелеп арнайы сөздіктер жасау дәстүрге айнала бастады.

Айта кететін болсақ соңғы он жылдықтың ішінде әлеуметтік желінің тым тез дамуына байланысты сырттан тілімізге еніп жатқан сөздер. Оның баламасын қарастырмай, тура алып пайдаланып жүрміз. Мәселен, қазіргі біз қолданатын ең танымал «блоггер, хейтер, хит, телефон, лайк, хайп, т.б.» сөздері. Бұл сөздер қазіргі таңда ешқандай сөздікте жоқ, тура қазақша баламасы жоқ. Сөздікке енген жағдайда да өзгертпей аламызба немесе тым болмаса ағылшынның «-ег» жұр-

нағының орнына, қазақ тіліндегі дәл сол мағынада қолданатын «-шы, -ші» жұрнақтарын жалғап барып қосамызба. Әрине, «блоггер» деп айтып үйренген ауызға «блогшы» деп айтқан ерсі көрінер, дегенмен тілі бай, сөздік қоры бай қазақ тілі болған соң өзіміздің ана тіліміздің жұрнақтарын немесе толықтай аудармасымен пайдаланып барып сөздікке енгізген жөн болар. Қазіргі таңда халықаралық атауға айналып кеткен дәл осы сөзді аудару үшін көптеген сөздіктерді ақтардым, жастармен, орта жастағы және үлкен кісілерменде талқылап көрдім. Бірақ, блогшылардың сан алуандығы және жас шамаларының әр түрлі болғаны үшін бір сөзге тоқтау қиын болды. Әсілінде ағылшыннан қазақ тіліне аударғанда «онлайн күнделікті жүргізетін адам» дегенді білдіреді, ал бұл мамандық тұрмақ, әлеуметтік желі біздің ата-бабаларымызда болған жоқ. Сондықтан соңғы шығып жатқан әлеуметтік желіге байланысты сөздерді бұрынғы сөздіктерден іздемей, керісінше осы сөздердің дұрыс нұсқасын сөздікке енгізу керек. Қазіргі уақытта мұндай жаңа сөздер ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болып, жаңа сөздердің мән-мағынасын, дұрыс жазылуы мен айтылуын бекіту үшін «Тіл білімі институты» көп

зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ендігі жерде тіл мамандарының қосар үлесі қандай? Алдына келген тыңдаушыларға, тіл үйренушілерге дұрыс насихаттай білу. Қолданып жүрген сөздерінің дұрыс қазақша баламасымен таныстыру, сөздік қорын қазақтың төл сөздерімен байыта білу. Қазіргі таңда «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушылары күн сайын ізденіп, біліктілігін арттыру курстарына қатысып жаңаша әдіс-тәсілдермен білімдерін толықтырып жүр. Әрине әрбір ізденістің арқасында тыңдаушыларға сапалы білім бере алу кепілдігі тұр деп білемін.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» - сөз байлығымыздың нәр алып, сусындап отыратын жоғарыда айтылған қайнар бұлақтарының көзін ашып, толық пайдалану керек, сөз байлығын тек сөз санымен ғана өлшемей, сөздер мен сөз тіркестерінің мағына санымен, рухани қазына болып ғасырлар бойы қалыптасқан мазмұн сапасымен өлшеген абзал.

Тіл байлығы – халықтың рухани қазынасы, тарихтың куәсі, өмірдің айнасы.

А.СЕЙСЕНБАЙ,
облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудандық филиалының меңгерушісі.

Жастар - біздің болашағымыз

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, жалынды жастардың қолында. Жастар ертеңгі кәсіби білікті маман, болашақ отбасының тірегі. Сол себепті, жастарды ертерек еңбек сүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге және «Еңбек өтсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», - деп Абай атамыз айтқандай, еңбек қана ер атандыратынын ұқтырып, тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі.

Мектеп қабырғасынан кейін дұрыс мамандық таңдап, арнайы оқуға түсіп, тамамдағаннан кейін адал және шын ниетпен жұмыс істеу, еңбек тәртібін сақтау, жүктелген міндеттерді және орындаған жұмысты жауап-

кершілікпен атқару, істеген жұмысының сапасын арттыру, жаңашылдыққа, алға ұмтылып, жаңа технологияларды орнымен пайдалана білу жастарымыздың негізгі міндеті болып саналатынын, олардың санасына құя беру - біздің міндетіміз.

Бүгінгі таңда Бескөл ауылдық округі бойынша 14 пен 35 жас аралығында 2448 жастар санын құрайды. Алдына мақсат қойып кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін жастардың саны жыл санап көбейіп келеді. Қолға алған ісіне жауапкерлікпен қараған жас кәсіпкерлердің ішінде барлығынан оза шауып, кәсіп шыңының биігінен көрінгендердің қатары көп, мәселен: А.Асылбеков, Қ.Мұрақхан, С.Джумадилова, Д.Серікханова, Ж.Наурызбаев, Б.Оразбаев, А.Түсіпханов.

Әрбір жас жүрек өзінің туған Отаны – Қазақстанның сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойында патриоттық сезім ұялап, келешегіміз кемелдене түспек.

Ш.ИБРАГИМОВ,
Бескөл ауылдық округінің жастарісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы.

«Құқықтық тәртіп» акциясы

Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Құқықтық тәртіп» акциясы өткізілуде.

ҚР ІІМ Көліктегі ПД-нің нұсқауына сәйкес ағымдағы жылдың ақпан айының 20-нан бастап 24-не дейін «Құқықтық тәртіп» атты кең ауқымды жедел профилактикалық іс-шара өткізілді. Осыған байланысты жедел іс-шараның тиісті деңгейде өткерілуі үшін Бескөл стансасының Желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында темір жол объектілерінде тиісті құқықтық тәртіпті сақтау, теміржол келігі нысандарындағы азаматтардың қауіпсіздігін жеткілікті түрде қамтамасыз ету, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау шаралары қолға алынды. Теміржол аса қауіпті аймақ болғандықтан, темір жол бойында орын алатын жазатайым деректерін болдырмау мақсатында Бескөл стансасы ЖПБ-нің қызмет көрсету аумағында теміржолға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарына теміржолдан өту қағидаларын сақтау және теміржолдарға жақын жерлерге мал жаю бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Аталған іс-шараны өткізу барысында Бескөл стансасы теміржол вокзалының перронында, жолаушылар поезддарында жолсеріктермен жолаушылар арасында жол үстіндегі кездесулер өткізіп «Құқықтық тәртіп» тақырыбына профилактикалық мақсатпен кездесу жүргізілді. Жедел профилактикалық іс-шараның мақсаты келік объектілерінде қоғамдық тәртіпті тиісті деңгейде сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Теміржолға жақын орналасқан оқу орындарының оқушыларымен кездесу өткізіліп, оларға 559 бабының 5 бөлігі ҚР ӘҚБтК-нің 442 бабы және 560 бабтарында көрсетілген құқық бұзушылықтар туралы айтып, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны және ескертумен айыппұл түрінде шара қолданылатыны ескертіледі.

Ж.БИДОЛДАХАНОВ,
Бескөл ст. ЖПБ бастығы полиция майоры.

«МИГРАНТ» профилактикалық іс-шарасы

Ағымдағы жылдың ақпан айының 20-28 күндері аралығында «Мигрант» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Осыған орай Достық стансасына қарасты Ақтоғай, Бескөл стансаларын басып өтетін жолаушылар поезддарында заңсыз жүрген шетел азаматтарын анықтап, тексеру және профилактикалық іс-шараларын жүргізу мақсатында және қылмысты болдырмау мен жолын кесу үшін алдын ала түсіндіру істері қолға алынып, іс-шара тиісті деңгейде ұйымдастырылуда.

Аталған іс-шараның яғни «Мигрант» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілу кезінде қандайда шетел

азаматтарының әкімшілік құқық бұзушылықтары мен қылмысын көріп біліп жатқан жағдайда дереу полиция қызметкерлеріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

Сонымен қатар темір жол мекемесінің басшыларына және еңбек ұжымдарында өткізіліп жатқан іс-шараның мақсаты туралы яғни «Мигрант» ЖПШ кезінде шетел азаматтарына қарсы іс әрекеттер туралы және азаматтарға қатысты әкімшілік және қылмыстың алдын-алу мәселелері бойынша заңды түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

А.ИГИБАЕВ,
Достық ст. ЖПБ КҚҚТ аға инспекторы,
полиция майоры.

Заповедники и национальные парки важны

Заповедники и национальные парки создаются с целью охраны редких видов растений и животных. Создание таких парков очень важно для того, чтобы на этих территориях сохранялась чистая природа, а ученые могли изучать уникальных животных и растения.

Национальные парки и заповедники очень важны. Ведь здесь можно продемонстрировать на сколько богат животный и растительный мир. Здесь ученые могут больше узнать о нашей природе. Здесь можно насладиться естественной красотой. Живущие здесь животные в дикой природе могут сохранять свое поведение и привычки.

Чем отличаются заповедники от национальных парков? Заповедник – это территория, полностью исключенная из хозяйственной деятельности человека. Принципиальным отличием национального парка от заповедника является степень доступа посетителей для отдыха. Большая часть национального парка открыта для посещения, для чего предусматриваются специальные зоны отдыха и туристические стоянки. Посещение заповедника строго ограничено экскурсиями по экологическим тропам или вовсе запрещено для посещения туристами.

Природа Казахстана пред-

ставляет большой интерес, как природоохранное, научное, культурное, эстетическое, рекреационное и оздоровительное наследие. Всего в Казахстане 10 заповедников и 13 национальных парков. Первый национальный парк в Казахстане был основан в 1985 году – это Баянаульский. А в 2010 году в апреле был создан Жонгар – Алатауский государственный национальный природный парк.

«Жонгар – Алатауский» ГНПП расположен в Аксуском, Саркандском и Алакольском районах области Жетісу. Общая площадь парка составляет 356022 гектара.

Открытие Жонгар – Алатауского парка явилось результатом многолетней работы экологов, специалистов в области лесного хозяйства, общественности, государственных органов. Жонгар – Алатауский парк имеет три филиала: Саркандский, Лепсинский, Алакольский.

Жонгар – Алатауский национальный парк создан с целью сохранения биоразнообразия и естественных горных ландшафтов, имеющих особую экологическую, генетическую, историческую и эстетическую ценность. Особое внимание здесь уделяется сохранению и восстанов-

лению уникальных яблоневых лесов, ведь яблоня Сиверса является прародительницей всех культурных сортов яблони мира.

В Жонгар – Алатауском парке, из – за расположения, произрастают разнообразные дикое плодово – ягодные виды деревьев и кустарников: абрикос обыкновенный, барбарис круглоплодный, тянь – шаньская вишня, шиповник Альберта, смородина Мейера и т.д. На территории парка произрастает 2168 видов растений, из них 76 эндемичных и встречаются только здесь. По разнообразию животного мира Жонгар – Алатауский парк уступает только Алтаю.

Создание заповедников и национальных парков – это сегодня, пожалуй, единственный способ уберечь от гибели хотя бы небольшую часть дикой природы и животного мира. Так, пусть же система ООПТ продолжает развиваться – расширяются территории существующих и создаются новые заповедники и национальные парки.

Р. АХУНОВА,
научный сотрудник
Лепсинского филиала
РГУ «Жонгар – Алатауский»
ГНПП.

На охране правопорядка

Участковые инспекторы полиции имеют широкий круг обязанностей. Они занимаются составлением протоколов, выявлением и раскрытием преступлений, рассмотрением обращений, жалоб и заявлением граждан, поддержанием порядка во время проведения праздников и мероприятий, принимают участие в рейдах, поквартирных обходах и многое другое.

Уроженец нашего города, Рахиянов Жасулан Муратұлы закончив Алматинскую академию МВД имени М. Есбұлатова в данное время служит в Алакольском РОП участковым на вверенном ему участке, в районе ПМК. Его служба многогранна, а круг задач широк и нелегок. Ведь участковые инспекторы всегда находятся в гуще событий, по долгу службы общаются с разными людьми, и каждый день стоят на охране правопорядка.

С 2019 года служба в полиции Жасулана Муратұлы началась следователем следственного отдела, затем инспектором организационно - аналитической группы. И уже с мая 2022 года его рабочий распорядок в отделе участковым инспектором полиции начинается с раннего утра, где заранее утверждается план работы на предстоящий день. Планируется выполнение служебных задач, обхода территории и так далее.

Согласно служебных обязанностей инспектор обязан принимать от жителей заявления и различные жалобы. За прошлый год таких обращений поступило – 39. Это вопросы благоустройства, кражи и многое другое.

Было составлено 140 протоколов по административно – правовым нарушениям: курение в общественных местах, выражение нецензурной бранью, появление в нетрезвом виде в общественных местах, нарушение тишины в ночное время.

Также участковым инспектором на профилактический учет взято 14 человек, склонных к совершению правонарушений. Один человек был направлен на принудительное лечение от

алкоголизма в город Талдыкорган.

Также проводится большая работа с ранее осужденными и досрочно – освобожденными гражданами. Это беседы, постоянный контроль, в целях профилактики правонарушений на основании Закона Республики Казахстан «Об административном надзоре за лицами, освобожденными из мест лишения свободы, ранее судимые с непогашенной судимостью и условно освобожденные, не достигшие совершеннолетия».

Необходимо отметить, что участковый наделен широкими полномочиями. Это административная практика, юридическая консультация, выявление и раскрытие преступлений. Лично самим Жасуланом Муратұлы за прошлый год было раскрыто 4 преступления, благодаря всемерной проводимой работе среди населения.

«Наша задача, как участковых инспекторов полиции ежедневно и целенаправленно способствовать улучшению криминогенной ситуации на вверенной нам территории, а также соблюдать законность и правопорядок» - отметил Жасулан Муратұлы.

Помимо бесконечных дел по службе, Жасулан Муратұлы принял участие в районном конкурсе «Кошбасшы», получив номинацию «Уздік жас полиция қызметкері», неоднократно награждался различными грамотами от своего руководства.

Не каждый может служить в полиции. Высшее юридическое образование, отличная физическая форма и высокий уровень психологического здоровья в совокупности с мужеством и терпением являются основой в успешной деятельности участкового.

Ш. АСИНА.



